

«Тегін тамақты ұйымдастырудың сапасы» туралы АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Тегін тамақты ұйымдастырудың сапасы

Мақсаты: 1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік осал топқа жататын оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту

Уақыты: қаңтар

Оқушының дұрыс тамақтануы – оның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Дұрыс әрі жақсы тамақтанатын оқушылардың денсаулығы мықты әрі сабақ үлгерімі де жоғары болатыны анық. Осы орайда жаңа оқу жылының басталуына орай №119 ЖОББМ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну мақсатында мектеп асханасы ашылды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 3 түрлі уақытта ұйымдастырылды.

I ауысым

1,2,3 сынып оқушылар үшін – 09.35 – 09.45

5,8,10 сынып оқушылары үшін – 10.30-10.45

II ауысым

4,6,7 сынып оқушылары үшін – 15.35-15.45

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Қараша айында бракераж комиссия мүшелері еш ұсыныс және барлығы талапқа сай екенін айтып өтті.

Таңғы ас, каша 75 градус; түскі ас 65 градус, стандартқа сай жасалынып жатыр.

Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі.

Әлеуметтік педагог:



Кендірбай С.М